

## **АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ**

**1 желтоқсан 2023 жыл**

**№10**

**Атырау қаласы**

### **«Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру, әскердегі тәртіп және оны жақсарту бағытындағы алынып жатқан шаралар туралы»**

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі отырысында «Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру, әскердегі тәртіп және оны жақсарту бағытындағы алынып жатқан шаралар туралы» облыстық Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасының басшысы Е.Қашкеновтың баяндамасын тыңдал, талқылап облыстық қоғамдық кеңесі отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасының басшысы Е.Қашкеновтың баяндамасы қаперге алынын.

2. Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасына (Е.Қашкенов):

1) Әскери комисариаттың жаңындағы дәрігерлік комиссияның әскерге шақырылушыларды медициналық тексеруден өткізуі барысындағы жауапкершілігін күшету;

2) Әскерден денсаулығына байланысты кері қайтарылудың әрбір фактісіне қатаң тексеруді жүргізу;

3) Барлық сарбаздардың өздерінің тұрғылықты жерлері бойынша әскери бөлімшелерде борышын өтеудің мүмкіндігін қарастыру;

4) Барлық әскери бөлімшелерді, соның ішінде, ҰҚҚ - і Шекара қызметінің барлық бөлімшелері мен заставаларын толықтай бейнекамералармен толық қамтамасыз ету;

5) ҰҚҚ-нің Шекара қызметіндегі барлық радио құрылғылардың, рация аппараттарының байланысты толық қамтамасыз етуіне қол жеткізу, сондай ақ, нарядқа шыққан әскери қызметшілермен тұрақты үздіксіз байланыс болуын қамтамасыз ету;

6) Шекара қызметіндегі әскери техникаларға толық инвентаризация жүргізіп, мерзімі жеткен, жүргуге жарамсыз автокөліктердің орнына жаңа техникамен қамтамасыз ету;

7) Шекара күзетіне баратын әрбір нарядтың іссапарға шығатын автокөліктерін алдын-ала техникалық байқаудан өткізіп, оған жауапты қызметкерлердің жауапкершіліктерін күшету;

8) Барлық әскери бөлімшелердегі бейнебақылау камераларын онлайн режимде бір орталықтан бақылау мүмкіндігін жасау және бейнекамералардың жазбалары тікелей онлайн түрде Әскери прокуратураға жолданып, одан әрі қарай Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасына тікелей жолданып отыруын қамтамасыз ету;

9) Қазақстан армиясының имиджін көтеру мақсатында әскер борышын өтеп келген азаматтарға әр түрлі женілдіктер жасау ұсынылсын.

3. Облыстық білім беру басқармасы (Е.Сламбеков):

1) Алғашқы әскери дайындық пәннің мұғалімдері мен әскери бөлімдердің байланысын күшету;

2) Университет жанындағы әскери кафедра курсанттарын жастар арасындағы тәрбие жұмыстарына жұмылдыру жұмыстарын ұйымдастыру;

3) Колледждерде жылына 1 рет өтетін 5 күндік оқу-дала жиынын қалпына келтіру ұсынылсын.

4. Осы қаарда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2024 жылдың 15 наурызға дейін кеңес хатшылығына ұсынуды және атқарылған жұмыстар бойынша кеңес отырысында баяндау ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов